



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

3 Музыкалық терапия. Арт-терапияның бұл түрі дыбыстармен емдеуді қамтиды. Адам дайын музыкалық шығарманы тыңдап қана қоймай, өзінің ырғағын жасай алады, сонымен қатар оны орындай алады.

4 Құм терапиясы. Бұл емдеу түрі құмда жатқан потенциалды пайдаланады.

5 Ертегі терапиясы. Бұл жағдайда психолог аңыздар, аңыздар мен ертегілердегі метафораларды қолданады.

6 Тіндік терапия. Терапиялық жұмыс кейде тоқылған материалдармен жүзеге асырылады, одан пациент композициялар жасауға шақырылады.

7 Қуыршақ терапиясы. Осындай медициналық арт-терапияны балалармен жұмыс кезінде жас пациенттер өз ойыншықтарын жасауға шақырылады. Бұл жағдайда материалдар өте алуан түрлі болуы мүмкін.

8 Коллаж. Мұндай сеанстар кезінде емдеу журналдардан қиылған суреттерден қалаған картасын құру арқылы жүзеге асырылады.

9 Тестопластика. Балалармен жұмыс жасаудағы арт-терапияның бұл түрі оларға кез-келген пластикалық материалдармен, соның ішінде пластилинмен, қамырмен және балшықпен жұмыс жасау арқылы емдеу курсын өтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда сипатталған әдістерді қолдану емделудің өздігінен жүруіне негізделген. Алайда, бұл белгілі бір дәрежеде шығармалардың нәтижелері мен олардың кәсібилігін бағалау үшін қолданылатын эстетикалық критерийлерді елемейді. Балалармен жұмыс жасаудағы арт-терапия оның нәтижесіне емес, шығармашылық процестің өзіне бағытталған [4, 93 б.].

Арт-терапия – бұл ең үздік әлеуметтік бейімделудің тиімді әдістерінің бірі. Қазіргі уақытта арт-терапия салауатты және шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастыруға және жеке тұлғаны әлеуметтендірудің бірқатар функцияларын тәжірибеде іске асыруға ықпал ететін прогрессивті психологиялық көмек құралы ретінде қарастырылуда.

Осылайша, арт-терапиялық әдістемелердің арсеналы сан алуан. Жоғарыда аталған психокоррекциядағы барлық арт-терапиялық әдістер өзін-өзі айқындау мен өзін-өзі тануды дамыту арқылы проблемалары бар балалардың жеке басын үйлесімді етуге ықпал етеді, өнермен байланыс арқылы олардың психозэмоционалды жағдайын, психофизиологиялық процестерін түзетуді қамтамасыз етеді. Белгілі бір әдісті таңдау жасына және жеке ерекшеліктеріне байланысты, дамудағы ауытқу түріне, оның ауырлық дәрежесіне байланысты болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Детская практическая психология / Под ред. Т.Д. Марцинковской. М.: Гардарики, 2003. 57б.
- 2 Комарова Т.С. Дети в мире творчества. 1995. 27 б.
- 3 Копытин А.И. Основы арттерапии. – СПб.: Лань, 1999. 84 б.
- 4 Обухова Л.Ф. Детская психология: теории, факты, проблемы. М., 1995. 93 б.

ОӘЖ 371.487

### **БАЛА ТӘРБИЕСІ - БЕСІКТЕН**

Жармухамбетова Алтынгүль Алдабергеновна  
Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы,  
Қостанай қ., Қазақстан  
E-mail: 87770544000@mail.kz

Сейлова Ляззат Алдабергеновна  
Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы,  
Қостанай қ., Қазақстан  
E-mail: L.seilova@yandex.kz

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі мен мақсаты: Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Бала тәрбиесі – баршаға ортақ*

болғандықтан жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеу – ең негізгі міндетіміз. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады.

**Түйінді сөздер:** тәрбие, үлгілі, қайырымдылық, адамгершілік.

### **Аннотация**

*Актуальность и цель: Воспитание ребенка может оказаться сложной задачей. Но и для детей, и для родителей это этап развития. Для родителей важно заниматься вместе с ребенком веселыми занятиями. Совместная работа поможет вам укрепить доверие и прочную эмоциональную связь с ребенком. Вы должны быть для своего ребенка родителями и в то же время друзьями, на которых он всегда может положиться. Воспитание детей-общая задача, так как воспитание подрастающего поколения сознательным гражданином является основной задачей.*

**Ключевые слова:** воспитание, образцовое, доброе, гуманное.

### **Abstract**

*Relevance and the goal: For the older generation, education in the family, parents, education at school, issued in the continuation of the education of young children, because for the formation of the school, the teacher and educator plays a great responsible role. The most important thing is that the child should feel the parents' interest in his / her educational achievements. Raising children is a common task, since raising the younger generation as a conscious citizen is the main task. The initial Alphabet of education takes in the child's family, which lays the Foundation of morality and humanism.*

**Keywords:** upbringing, exemplary, kind, humane.

Қоғамның кішкентай бір бөлігі-отбасы болып табылатындықтан, мәдениеттілік пен өркениетке жету үшін, ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы баспалдағы отбасынан басталады. Тамыры терең бақытты отбасынан ғана, өскелең ұрпақ қалыптасады. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген нақыл сөзінің мәні тереңде жатыр. Яғни, болашақтың көрінісі, елінің ертеңі болар, халқының үмітін ақтай білетін дені сау, білімді де саналы жас ұрпақты өсіру талабынан туындап отырады. Осы мақсаттарға жету жолында міндетті екі түсінік бар.

Бірі, баланың бастапқы тәрбие мектебі алтын бесік – отбасы болса, екіншісі, алтын ұя – мектеп. Бұл екі ортаның мақсат-мүддесі ортақ. Отбасында алғаш тәрбиенің көрінісі қалыптасып, дәні себілсе, адам бойындағы бар игі қасиетті одан әрі дамытып, тірегін қалыптастырар-мектеп [16.27]. Бұл арада үлкен рөлге ие болатын мұғалім мен ата-анаға артылатын жүк ауыр. Біздің ойымызша бала тәрбиесімен бала туылғаннан бастап аса жауапкершілікпен қарау, және бала денсаулығы мен қызығушылығын арттыру ең алдымен ата-ана мен ұстаздың үлкен бір міндеті болып саналады деп есептесек қателеспейміз.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көргендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланады. Дана халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ананың әрбір іс-әрекеті балаға үлкен сабақ. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері. Бала – ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа, адалдыққа баулып өсіруі шарт. Осы тамаша қасиеттердің бәрін ата-ана бойынан тауып, соған еліктеп өссе және әрбір ата-ана баласының жүрегіне жол тауып, оның өміріндегі шынайы досына айналса, тер төккен еңбегінің жанғаны. Ал мектеп баланы болашаққа дайындап, келешек өмірін қай бағытпен жүрсе дұрыс екенін, өздерінің керекті, бейім мамандық таңдауға жол, бағыт беретін ұя. Мектеп пен отбасы арасында саналы да тәрбиелі бала тәрбиелеу үшін өте тығыз байланыста болуы керек. Бірлік арқылы біз көздеген мақсатымызға жетеміз және де адамға тән жақсы қасиеттерді бойына сіңірген саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарамыз.

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ болғандықтан жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеу – ең негізгі міндетіміз. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Бала тәрбиесінде ең бірінші ата-ананың алар орны таудан биік, судан терең себебі бала мектепте немесе қоғам орындарында ата-ана қолдауы арқылы ғана биік белестерден көріне алады.

Бүгінгі отбасыларындағы ата-аналардың бала тәрбиесін заман талабына сай ұйымдастырудағы қабілеттері мен мүмкіндіктері бірдей болмай отыр. Қазақ зиялыларының бірі – М.Жұмабаевтың «Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық



қылып шығару» деп айтуы балалар тәрбиесінде ата-аналар алдында үлкен жауапкершілікте тұрғандығын дәлелдейді. Атақты кеңестік педагог А.С.Макаренко педагогикалық қызметте табысқа жетудің бірінші қолайлы шарты болып табылатын тәрбиенің мақсатын анық та және айқын елестете білу деп түсінді, онсыз ешқандай да тәрбие жұмысы мүмкін емес. Оның айтуынша, қабілетсіз немесе «бұзылған» бала «сәтсіз педагогтардың» ойлап тапқандары, барлық «бұзылғандық, тәртіпсіздік және балалардың қылмескерлігі туа біткен және түзетуге болмайтын сапалар емес». Макаренко бүгінгі «бұзылған бала ертең қабілеті жануы мүмкін, отанының нағыз азаматы, Социалистік Еңбек ері болып шығады», -деп есептеді [26.13].

Педагогикада жеке тұлғаны қалыптастыру-отбасы мен мектеп интеграциясынан тұратын құбылыс саналады. Қоғамның кез келген жағдайына қарсы тұра алатын, жеке пікірі бар азаматты дайындап шығару-педагогикалық шеберлік пен отбасының негізгі қарым-қатынасы басты әсер етеді. Осы арқылы мектептегі негізгі субъект мақсаттарға бағытталған дидактикалық іс-шараларға, тәрбие жұмыстарына, патриоттық және азаматтық білімді игеру арқылы отбасы мен мектептің бірлескен жұмысының нәтежиесін көрсетеді. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.

Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Адамзат тарихына көз салсақ, қай кезеңде, қай қоғамда болмасын, бала тәрбиесінің өзекті болғанын көреміз, білеміз. Әлбетте, бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті әрі бұдан кейін де өзектілігін жоғалтпайды да. Құндылықтарының өміршеңдігімен ерекшеленген ислам діні де отбасы институтына, соның ішінде бала тәрбиесіне қатты мән береді. Бала – ата-ана үшін үлкен нығмет, көзінің нұры, жүрегінің қуанышы, өмірінің жұбанышы. Сондықтан да кез келген ата-ана ұрпағының салиқалы, тәрбиелі болғанын қалап, бар мейірімі мен жылуын төгері сөзсіз. Дегенмен, баланың ішіп-жейтін тамағына мән бергеніміз секілді рухани азығына да мән беруіміз қажет. Тамақтануы нашар болған баланың физикалық тұрғыдан әлсіз болатыны сияқты, рухани дүниесі жұтаң тартқан ұрпақтың соңы жақсылыққа апармасы айдан анық. Баланың тәрбиесіне байланысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір өсиетінде былай дейді: «Әр бала (ислам) жаратылысымен туады. Бірақ ата-анасы оны яһуди қылады немесе христиан немесе отқа табынатын қылады». Балаларына мейірімділік танытпағанның мейірімнен жұрдай екендігін айтқан. Осы орайда, бала тәрбиесіне кіріспес бұрын сәбилік болмыстың қандай екендігін ескерген жөн. Жас бала көргенін бірден қабылдайды. Әйткені ол қолданылмаған дыбыс таспасы секілді. Таспа қалай естіген нәрсесін бірден қабылдайтын болса, бала да дәл солай естіген және көрген нәрсесін бірден қабылдайды. Дұрыс тәрбие бермеген ата-ана ертең баласының бұзықтығы үшін сұралады. Бала тәрбиелеудегі басты өлшем – жақсы үлгі болу. Фотоаппарат алдында не болса соны қатесіз түсіретіні сияқты бала да дәл солай ата-анасының жақсы және жаман әрекеттерін, айтқан сөздерін қағып алады. Қолында темекісі бар әке баласына «темекі шекпе» десе, құмар ойын ойнайтын әке баласына қанша жерден «құмар ойнама» десе де, бұл тек ауада қалықтаған дауыс қана болып қалмақ.

Естеріңізде ұстаңыз: баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аямаңыз. Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді, керісінше кері әсерін тигізуі мүмкін. Ата-ана мен бала үйлесімділігі.

Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы, жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек.

Біздің мамандығымызға сай мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы, бала тәрбиесі ұядан деп түсінеді, себебі біздің алғашқы Машықтануда алған тәжірбиеміз, баланың ата-ананың іс әрекетін қайталау, ойын барысында да Ата-ананың рөлінде ойнауы, бұның бәрі үйдегі тәрбиені сыртқа көрсететіні, және баланың тұйық болуы ол үйдегі ата-ананың арасындағы түсініспеушіліктерді, бала өзіне жақын қабылдап, сабақ үстінде соны уайымдап, ешкіммен сөйлескісі келмей отырады, бұл мәселенің бәрі ата-ананың қателіктерінен болады. Бала тәрбиесінде баланы дұрыс жолға салатын да, теріс жолға салатын да ата-ана [36.34]. Біз ұстаз ретінде ата-анаға берер кеңесіміз, балаға тәрбие бермес бұрын алдымен өзіңізден бастаңыз, бала ақ қағаз тәрізді оған дақ түсіретін де, гүлдендіретінде өзіңіз. Егерде балаңыздың көзі ашық, болашағы зор, үлкен азамат болып өскенін қаласаңыз, балаға әрдайым қолдау көрсетіңіз, екіншіден баланы әрдайым мақтаңыз, және мақтан тұтыңыз, бала өзінің өмірге не үшін келгенін білуі тиіс, өзінің қажеттілігін сезінуі керек, сонда ғана бала алдына мақсат қойып, биік шыңдарды бағындыра алады, балаңызға әрдайым тірек болсаңыз, ол сіздің үмітіңізді ақтайды. Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі біздің болашақ.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қазақтың нақыл сөздері бар.

Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы- бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие беру. Тәрбие тал бесіктен басталады. Баланы бесіктен тәрбиелеу қажет.

Баланы бесікке салу дәстүрі баланың жетіліп, өсуіне септігін тигізеді. Ата- бабамыздан қалған мұраны одан әрі жалғастыру біздің еншімізде. Баланы бесікке саларда ауылдың аса құрметті анасы таңдап алынады. Көп бала өсіріп, тәрбиелеп ардақты анаға жас сәбиді бесікке салу рәсімі сеніп тапсырылады. Осылайша, қазақ халқы жас сәбиге асыл аналардың жолын берсін деген ниетпен ырымдаған.

Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Балалар тәрбиесіне, келерболса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген ғой. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, бірлесіп, аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Нашар бала болмайды, нашар қылатын сыртқы факторлар. Бау-бақшаны баптап, күтіп су арсаң ғана жемісін екенелесің, жейсің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеті. Өмір шындығына жүгінсек, тәрбие бастауы, оның қайна ркөзі, ананың сүтінен нәр алып өскен ортасына тікелей байланысты.

«Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақтың мағыналы сөздерінде үлкен астар бар сияқты. Алайда, жұмысымызда байқап жүргеніміздей ата-аналарымыздың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі қателіктер де көрініс беруде. Кейбір ата-аналар: «Баламды киіммен, тамақпен қамтамасыз етем, білім, тәрбие беру – мектептің ісі» деп түсінетін ата-аналар да кездеседі әрине. Бала тәрбиесін тек мектепке ғана аударып қоймай, ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып жұмыс жасау, ұстаздар үшін де, ата-аналар үшін де тиімді.

Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі- өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады » деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата – аналар , сіздерге байланысты. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйетін азамат болып өсіп, сіздерді бақытқа кенелтсін десеңіздер бала тәрбиелеудегі қателіктерге жол бермейік,! Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Сухомлинский В.А.. Ата-ана педагогикасы. - Алматы, 1993 ж.
- 2 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы, 1995 ж.
- 3 Қожахметова К.Ж.. Сынып жетекшісі. – Алматы: Әлем, 2000 ж.